**«Самұрық-Қазына»**
**Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша*
*осы күнге аяқталған үш және алты ай үшін*

# МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері туралы есеп

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)**

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп ........ 1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп ........ 3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп ........ 5-6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп ........ 7-8
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген) ........ 9-64

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com

# Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Акционеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

***Кіріспе***

Біз «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған үш және алты ай үшін жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен және көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, сондай-ақ іріктелген түсіндірме ескертпелерден («аралық қаржылық ақпарат») тұрады. Басшылық *«Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS)* Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

***Шолып тексеру көлемі***

Біз шолып тексеруді 2410 *«Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру»* шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Building a better working world

***Тұжырым***

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде *«Аралық қаржылық есептілік»* 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

„Эрнст энд Янг" ЖШС

| | |
|---|---|
| Адиль Сыздыков<br>Аудитор | Ольга Хегай<br>«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің<br>бас директорының м.а. |
| Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы<br>№ МФ - 0000172 біліктілік куәлігі | Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде берілген |

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 22 қыркүйек

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша**

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | **2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) (қайта есептелген)* |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 8 | **14.471.627** | 14.427.698 |
| Материалдық емес активтер | 9 | **2.035.510** | 1.945.589 |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | | **288.829** | 294.300 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | | **33.147** | 36.529 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 10 | **6.941.438** | 6.734.581 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 11 | **63.253** | 270.568 |
| Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар | | **136.800** | 151.726 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері | 12 | **767.684** | 739.611 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | 13 | **1.189.114** | 473.725 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер | | **83.876** | 88.968 |
| | | **26.011.278** | 25.163.295 |
| **Қысқа мерзімді активтер** | | | |
| Қорлар | 14 | **940.039** | 865.680 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **252.113** | 203.658 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **147.420** | 125.069 |
| Сауда дебиторлық берешек | 15 | **1.116.010** | 1.082.947 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 11 | **1.047.662** | 1.433.305 |
| Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар | | **101.347** | 66.889 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері | 12 | **811.594** | 347.702 |
| Өзге де ағымдағы активтер | 15 | **407.917** | 250.092 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 16 | **3.319.152** | 2.944.724 |
| | | **8.143.254** | 7.320.066 |
| Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер | 7 | **1.067.868** | 1.140.071 |
| | | **9.211.122** | 8.460.137 |
| **Активтердің жиыны** | | **35.222.400** | 33.623.432 |

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | 2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) (қайта есептелген)* |
|---|---|---|---|
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Бас компанияның Акционеріне жататын капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 17.1 | **5.345.362** | 5.268.819 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | | **2.061.324** | 2.220.063 |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві | | **35.804** | 35.519 |
| Хеджирлеу резерві | | **(4.474)** | (5.900) |
| Басқа да күрделі резервтер | | **(16.986)** | (16.986) |
| Бөлінбеген пайда | | **10.793.357** | 9.780.516 |
| | | **18.214.387** | 17.282.031 |
| Бақыламайтын қатысу үлесі | | **2.488.090** | 2.504.016 |
| **Капитал жиыны** | | **20.702.477** | 19.786.047 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 18 | **5.509.559** | 5.400.163 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары | 19 | **771.393** | 679.844 |
| Резервтер | 20 | **455.312** | 407.211 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | | **483.751** | 482.968 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **125.504** | 126.562 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | | **178.520** | 178.680 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | | **1.741.003** | 1.659.040 |
| | | **9.265.042** | 8.934.468 |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 18 | **1.061.840** | 1.267.512 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары | 19 | **9.610** | 3.760 |
| Резервтер | 20 | **138.444** | 155.101 |
| Төленуге жататын табыс салығы | | **28.620** | 79.110 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 21 | **1.270.767** | 1.126.522 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | | **143.833** | 138.192 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **13.156** | 13.488 |
| Өзге ағымдағы міндеттемелер | 21 | **1.576.605** | 1.074.139 |
| | | **4.242.875** | 3.857.824 |
| Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер | 7 | **1.012.006** | 1.045.093 |
| | | **5.254.881** | 4.902.917 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **14.519.923** | 13.837.385 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **35.222.400** | 33.623.432 |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

*Айдар Рысқұлов*

Бас бухгалтер

*Алмаз Әбдірахманова*

*9-64 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

| | | 30 маусымда аяқталған үш ай үшін | | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескер. | **2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)* | **2023 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)* |
| Түсім | 22 | **3.617.038** | 4.104.479 | **7.146.264** | 7.619.707 |
| Мемлекеттік субсидиялар | | **19.641** | 9.245 | **31.983** | 16.887 |
| | | **3.636.679** | 4.113.724 | **7.178.247** | 7.636.594 |
| Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны | 23 | **(2.723.056)** | (3.029.608) | **(5.441.059)** | (5.891.656) |
| **Жалпы пайда** | | **913.623** | 1.084.116 | **1.737.188** | 1.744.938 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 24 | **(119.715)** | (116.568) | **(235.075)** | (215.926) |
| Тасымалдау және өткізу шығыстары | 25 | **(214.670)** | (247.134) | **(425.240)** | (447.312) |
| Қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян, нетто | | **(9.380)** | (11.004) | **(11.230)** | (14.335) |
| Құнсызданудан болған зиян, нетто | 26 | **(156.082)** | (2.557) | **(162.296)** | (1.883) |
| Еншілес ұйымдардың шығуынан болған кіріс | | **1.076** | – | **7.358** | – |
| Басқа да операциялық кірістер | 7, 34 | **43.750** | 2.906 | **62.234** | 2.906 |
| Басқа да операциялық шығыстар | 7 | **(9.303)** | (2.184) | **(18.119)** | (2.184) |
| **Операциялық қызметтен түскен пайда** | | **449.299** | 707.575 | **954.820** | 1.066.204 |
| Қаржылық шығындар | 27 | **(167.666)** | (161.943) | **(332.647)** | (330.705) |
| Қаржылық кіріс | 28 | **101.372** | 84.740 | **208.229** | 129.378 |
| Басқа да операциялық емес зиян | | **(12.437)** | (15.833) | **(25.459)** | (31.720) |
| Басқа да операциялық емес кіріс | | **10.300** | 5.919 | **22.314** | 21.226 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто | 29 | **308.341** | 391.029 | **611.611** | 774.985 |
| Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто | 2 | **44.246** | (187.977) | **46.632** | (142.921) |
| **Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда** | | **733.455** | 823.510 | **1.485.500** | 1.486.447 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 30 | **(152.002)** | (142.492) | **(295.035)** | (332.540) |
| **Кезеңдегі таза пайда** | | **581.453** | 681.018 | **1.190.465** | 1.153.907 |

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | 30 маусымда аяқталған үш ай үшін: 2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) | 30 маусымда аяқталған үш ай үшін: 2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)* | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 2022 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)** | | | | | |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс* | | | | | |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | 17.6 | **4.348** | 94.598 | **(189.960)** | 662.358 |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған пайда/(зиян) | | **152** | (997) | **237** | (3.175) |
| Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша пайда/(зиян) | 17.7 | **1.494** | (27.359) | **3.101** | 17.530 |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар бойынша таза өткізілген (зиян)/пайда | | **(3)** | (71) | **160** | (691) |
| Қауымдасқан және бірлескен компаниялардың басқа да жиынтық кірістегі үлес | 10 | **1.403** | 965 | **1.611** | 3.474 |
| Басқа да жиынтық кіріс/(зиян) құрамдастарының салық әсері | | **(1.298)** | (5.568) | **12.256** | (42.574) |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)** | | **6.096** | 61.568 | **(172.595)** | 636.922 |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс* | | | | | |
| Қауымдасқан және бірлескен компаниялардың басқа да жиынтық кірісіндегі /(зиянындағы) үлес | 10 | **356** | (15) | **384** | 116 |
| Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық кіріс | | **3.638** | 1.736 | **3.274** | 4.874 |
| Басқа да жиынтық кіріс құрамдауыштарының салық әсері | | **(512)** | (7) | **(544)** | (137) |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс** | | **3.482** | 1.714 | **3.114** | 4.853 |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс/(зиян)** | | **9.578** | 63.282 | **(169.481)** | 641.775 |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы** | | **591.031** | 744.300 | **1.020.984** | 1.795.682 |
| **Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда:** | | | | | |
| Бас компанияның акционеріне | | **515.289** | 543.988 | **1.030.277** | 959.387 |
| Бақыламайтын қатысу үлесіне | | **66.164** | 137.030 | **160.188** | 194.520 |
| | | **581.453** | 681.018 | **1.190.465** | 1.153.907 |
| **Табыс салығын шегергенде мыналарға тиесілі кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы:** | | | | | |
| Бас компанияның акционеріне | | **521.203** | 602.333 | **878.055** | 1.558.070 |
| Бақыламайтын қатысу үлесіне | | **69.828** | 141.967 | **142.929** | 237.612 |
| | | **591.031** | 744.300 | **1.020.984** | 1.795.682 |
| **Бас компания Акционерінің үлесіне тиесілі акцияға шаққандағы пайда – теңге** | | | | | |
| Базалық және бөлінген | 17.8 | **147,99** | 156,23 | **295,89** | 275,53 |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

*Айдар Рысқұлов*

Бас бухгалтер

*Алмаз Әбдірахманова*

*9-64 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

| | | Бас компания Акционеріне тиесілі | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескер. | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Хеджирлеу резерві | Басқа да күрделі резервтер | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақыла-майтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)** | | 5.268.580 | – | 32.694 | 1.894.545 | (48.906) | (16.984) | 8.125.704 | 15.255.633 | 1.917.459 | 17.173.092 |
| Қайта есептеу | 6 | – | – | – | – | – | – | 40.626 | 40.626 | – | 40.626 |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген) (қайта есептелген)*** | | 5.268.580 | – | 32.694 | 1.894.545 | (48.906) | (16.984) | 8.166.330 | 15.296.259 | 1.917.459 | 17.213.718 |
| Кезеңдегі таза пайда (қайта есептелген)* | | – | – | – | – | – | – | 959.387 | 959.387 | 194.520 | 1.153.907 |
| Кезеңдегі өзге де жиынтық (зиян)/кіріс (қайта есептелген)* | | – | – | (1.443) | 577.325 | 19.514 | – | 3.287 | 598.683 | 43.092 | 641.775 |
| **Кезеңдегі жиынтық (зиян)/кіріс (қайта есептелген)*** | | – | – | (1.443) | 577.325 | 19.514 | – | 962.674 | 1.558.070 | 237.612 | 1.795.682 |
| Акцияларды шығару | 17.1 | – | 239 | – | – | – | – | – | 239 | – | 239 |
| Акционерге бөлу | | – | – | – | – | – | – | | | | |
| *Дивидендтер (қайта есептелген)** | 17.2 | – | – | – | – | – | – | (37.788) | (37.788) | (160.465) | (198.253) |
| *Акционерге басқа да бөлу* | 17.3 | – | – | – | – | – | – | *(4.098)* | *(4.098)* | *(160.465)* | *(164.563)* |
| Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт | 17.5 | – | – | – | – | – | – | (33.690) | (33.690) | – | (33.690) |
| Капиталдағы басқа да өзгерістер | | – | – | – | 270 | (270) | – | (78) | (78) | – | (78) |
| | | | | | | | | – | – | – | – |
| **2022 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*** | | 5.268.580 | 239 | 31.251 | 2.472.140 | (29.662) | (16.984) | 9.091.138 | 16.816.702 | 1.994.606 | 18.811.308 |

* *Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

*9-64 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | | Бас компания Акционеріне тиесілі | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескер. | Жарғылық капитал | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Хеджирлеу резерві | Басқа да күрделі резервтер | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақыла-майтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)** | | 5.268.819 | 35.519 | 2.220.063 | (5.900) | (16.986) | 9.738.130 | 17.239.645 | 2.504.016 | 19.743.661 |
| Қайта есептеу | 6 | – | – | – | – | – | 42.386 | 42.386 | – | 42.386 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген) (қайта есептелген)*** | | 5.268.819 | 35.519 | 2.220.063 | (5.900) | (16.986) | 9.780.516 | 17.282.031 | 2.504.016 | 19.786.047 |
| Кезеңдегі таза пайда | | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **1.030.277** | **1.030.277** | **160.188** | **1.190.465** |
| Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс/(зиян) | | **–** | **285** | **(159.039)** | **1.726** | **–** | **4.806** | **(152.222)** | **(17.259)** | **(169.481)** |
| **Кезеңдегі жиынтық кіріс/(зиян)** | | **–** | **285** | **(159.039)** | **1.726** | **–** | **1.035.083** | **878.055** | **142.929** | **1.020.984** |
| Акцияларды шығару | 17.1 | **76.543** | **–** | **–** | **–** | **–** | **(59.628)** | **16.915** | **–** | **16.915** |
| Акционерге бөлу | | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **(99.131)** | **(99.131)** | **(161.800)** | **(260.931)** |
| *Дивидендтер* | *17.2* | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | ***(4.099)*** | ***(4.099)*** | ***(161.800)*** | ***(165.899)*** |
| *Акционерге басқа да бөлу* | *17.3* | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | ***(95.032)*** | ***(95.032)*** | **–** | ***(95.032)*** |
| Акционермен жасалатын басқа да операциялар | 17.4 | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **(19.013)** | **(19.013)** | **–** | **(19.013)** |
| Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт | 17.5 | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **154.213** | **154.213** | **–** | **154.213** |
| Бақылаудан айырылуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымға қатысу үлестерін өзгерту - қатысу үлесін сату | | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **1.317** | **1.317** | **3.536** | **4.853** |
| Капиталдағы басқа да өзгерістер | | **–** | **–** | **300** | **(300)** | **–** | **–** | **–** | **(591)** | **(591)** |
| **2023 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)** | | **5.345.362** | **35.804** | **2.061.324** | **(4.474)** | **(16.986)** | **10.793.357** | **18.214.387** | **2.488.090** | **20.702.477** |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі ______________ *Айдар Рысқұлов*

Бас бухгалтер ______________ *Алмаз Әбдірахманова*

*9-64 бет аралығындағы ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) | 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)* |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері | | **8.144.315** | 7.972.124 |
| Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер | | **(4.312.177)** | (4.596.771) |
| Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер | | **(821.840)** | (667.026) |
| Басқа да салықтар мен төлемдер | | **(1.068.154)** | (931.362) |
| Қаржы құралдарымен операциялар | | **38.799** | 8.440 |
| Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер және ауыспалы жалдау төлемдері | | **(82.590)** | (47.985) |
| Басқа да төлемдер | | **(17.649)** | (61.206) |
| Бюджеттен ҚҚС-ты қайтару | | **27.511** | 37.392 |
| Төленген табыс салығы | | **(261.601)** | (179.199) |
| Төленген пайыздар | | **(293.669)** | (268.666) |
| Алынған пайыздар | | **167.423** | 70.623 |
| **Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі** | | **1.520.368** | 1.336.364 |
| | | | |
| **Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Негізгі құралдарды, барлау және бағалау активтерін, басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу | | **(1.345.699)** | (474.377) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | **(174.313)** | (12.804) |
| Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер | | **2.745** | 3.469 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер | | **4.414** | 1.152 |
| Банк депозиттерін орналастыру | | **(1.328.590)** | (765.686) |
| Банк салымдарын алу | | **1.883.581** | 608.026 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатудан түскен түсімдер, нетто | | **863** | 148 |
| Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына салымдар | 10 | **(11.050)** | (125) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер | 10 | **237.466** | 258.669 |
| Қарыздар беру | | **(37.987)** | (5.323) |
| Берілген қарыздарды өтеу | | **15.351** | 14.870 |
| Үлестік және борыштық бағалы қағаздарды сатып алу | 12 | **(1.492.134)** | (525.774) |
| Эмитенттердің үлестік және борыштық бағалы қағаздарды сатуы/өтеуі | 12 | **1.062.795** | 405.035 |
| Сатып алынған еншілес ұйымдардың ақшалай қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатып алу | | **(13)** | – |
| Шыққан компаниялардың ақшалай қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатудан түскен түсімдер | | **11.996** | – |
| Басқа да төлемдер | | **(3.978)** | (7.218) |
| **Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуы** | | **(1.174.553)** | (499.938) |

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | **2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)** | 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)* |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Қарыздар бойынша түсімдер | 18, 19 | **829.942** | 439.146 |
| Қарыздарды өтеу | 18 | **(571.154)** | (602.329) |
| Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу | | **(71.536)** | (58.404) |
| Акционерге бөлу | 17.3 | **(17.887)** | (33.413) |
| Еншілес ұйымдардағы бақыламайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер | 17.2 | **(113.171)** | (102.634) |
| Бақылаудан айырылуға әкеп соқтырмайтын қатысу үлесін сату | | **4.813** | – |
| Акционерге төленген дивидендтер | 17.2 | **(4.099)** | (4.098) |
| Акционермен жасалатын басқа да операциялар | | **(10.050)** | – |
| Басқа да (төлемдер)/түсімдер | | **(4.028)** | 688 |
| **Қаржылық қызметте ақша қаражатының таза түсуі/(жұмсалуы)** | | **42.830** | (361.044) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі** | | **388.645** | 475.382 |
| | | | |
| Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | | **(45.239)** | 167.916 |
| Сатуға арналған активтерге қайта топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс | | **31.010** | – |
| Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгеріс | | **12** | 101 |
| Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары | | **2.944.724** | 2.815.382 |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | 16 | **3.319.152** | **3.458.781** |

** Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

*Айдар Рысқұлов*

Бас бухгалтер

*Алмаз Әбдірахманова*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

**2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

**Корпоративтік ақпарат**

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - «Самұрық») біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі - «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өзінің қатысу үлесін қосымша беру жолымен жүзеге асырылды. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер») болып табылады.

Осы қайта ұйымдастыру кезіндегі Үкіметтің негізгі мақсаты менеджменттің тиімділігін арттыру және Үкіметтің тиісті бағдарламаларында белгіленген стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында Қордың еншілес ұйымдарындағы ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру болып табылады.

Қор *31-ескертпеде* санамаланған бірқатар компанияларды біріктіретін холдинг (бұдан әрі - «Топ») болып табылады. Қордың қызметі 2012 жылғы 1 ақпанға дейін *«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы»* Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы №134-4 Заңымен реттелген және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған болатын. 2012 жылғы 1 ақпанда *«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы»* Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-4 Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топ активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға шоғырлануы тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді *(35-ескертпе)*:

- Мұнай-газ химия сегменті мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, шикі мұнайды, газды және қайта өңделетін өнімдерді қайта өңдеу және сату бойынша операцияларды, сондай-ақ мұнай-газ химия өнімдерінің өндірісін қамтиды;
- Тасымалдау сегменті жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау жөніндегі операцияларды қамтиды;
- Коммуникация сегменті жергілікті, алыстағы қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері; сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері бойынша операцияларды қамтиды;
- Энергетикалық сегмент электр энергиясын өндіру және беру жөніндегі, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық, диспетчерлеу және импортталатын электр энергиясын пайдалану жөніндегі операцияларды, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды;
- Тау-кен сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі операцияларды қамтиды;
- Өнеркәсіптік сегментке химия саласын дамыту кәсіпорындары мен жобалары жатады;
- Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржы операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыздар беруді қамтиды;
- Басқалар сегменті мемлекетке тұрғын үй құрылысына инвестицияларды салу арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда қолдау көрсету операцияларын және басқа да операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген офисі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10 мекенжайында орналасқан.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2023 жылғы 22 қыркүйекте Қордың Экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директор-Басқарма мүшесі мен Бас бухгалтері бекітті.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

**Жекешелендіру жоспары**

2014 жылғы 30 сәуірде Үкімет 2014-2016 жылдарға арналған бастапқы Жекешелендіру жоспарын бекітті. 2015 жылғы 30 желтоқсанда ол Қордың кейбір еншілес ұйымдарын қоса алғанда, жекешелендіруге жататын мемлекетке тиесілі активтердің жаңа тізбесін қамтитын 2016-2020 жылдарға арналған жаңа Кешенді жекешелендіру жоспарына ауыстырылды. 2020 жылғы 29 желтоқсанда *«2021-2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы»* Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 908 қаулысымен 2021-2025 жылдарға арналған жаңа кешенді Жекешелендіру жоспары (бұдан әрі - «Жекешелендіру жоспары») бекітілді, оған жекешелендіруге және бәсекелестік ортаға берілуге жататын мемлекеттік ұйымдар мен Қор тобы активтерінің жаңа тізбесі қосылған.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік № 34 *«Аралық қаржылық есептілік»* Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес дайындалды. Топ осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Басшылық бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Олардың пайымдауынша, Топтың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулер кірмейді және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, ақша сомалары миллион теңгеге дейін дөңгелектелген.

**Шетел валютасын қайта есептеу**

*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Топтың 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - «функционалдық валюта»).

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Топты білдіру валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - «теңге») білдірілген.

*Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетелдік валютадағы операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде және жыл аяғындағы бағамдар бойынша шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындаған бағамдық айырмадан пайда болатын кірістер мен шығындар пайда мен зиян болып танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

### Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

*Топ кәсіпорындары*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Ұсынылған бухгалтерлік баланстардың әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есептік күнгі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар кезеңдегі орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

*Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

| | **2023 жылғы 30 маусым** | 2022 жылғы 31 желтоқсан | **2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін орташа алынған бағам** | 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін орташа алынған бағам | **2023 жылғы 22 қыркүйек** |
|---|---|---|---|---|---|
| АҚШ доллары | **452,51** | 462,65 | **451,80** | 450,06 | **475,25** |
| Еуро | **490,70** | 492,86 | **488,19** | 492,40 | **505,52** |
| Ресей рублі | **5,14** | 6,43 | **5,89** | 6,08 | **4,95** |

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Топта 3.734.942 миллион теңге мөлшерінде теріс бағамдық айырма және 3.781.574 миллион теңге мөлшерінде оң бағамдық айырма қалыптасты.

*Украина аумағындағы соғыс*

Украина аумағында 2022 жылы басталған соғыс қаржылық есептілікке әсер ететін ХҚЕС бойынша есепке алудың бірқатар ерекшеліктерінің пайда болуына әкелді.

Көптеген елдер қазірдің өзінде жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына жаңа санкциялар салуды жалғастыруда. Қалыптасқан жағдай, сондай-ақ тауар бағасының, валюта бағамының ықтимал ауытқуы, импорт пен экспорттың шектеулері, жергілікті материалдар мен қызметтердің қолжетімділігі және жергілікті ресурстарға қолжетімділік ТМД аумақтарында қызметтің елеулі көлемін жүзеге асыратын компанияларға тікелей әсер етті.

Басшылық қазақстандық экономикадағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзақтығын да болжап білуге немесе олардың Топтың қаржылық жағдайына келешекте ықтимал ықпалын бағалауға қабілетті емес. Басшылық ағымдағы жағдайларда Топ қызметінің тұрақтылығы мен өсімін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолға алып отырғанына сенімді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2023 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Топ 2023 жылы кейбір түзетулер мен түсіндірмелерді алғаш рет қолдануда, бірақ олар оның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Төменде Топ өзі үшін жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

*17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»*

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттары»* шығарды. *17 ХҚЕС (IFRS) 2005 жылы шығарылған «Сақтандыру шарттары» 4 ХҚЕС-ті (IFRS) ауыстырады.* 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Бұрын қолданылған жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың кешенді моделін ұсынып, есепке алудың барлық маңызды аспектілерді қамтиды.

17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- Тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі);
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

Бұл стандарт Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне біршама әсерін тигізбеді.

*«Бухгалтерлік бағалауды анықтау» - 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерде бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен бірге, құжатта ұйымдардың бухгалтерлік бағаларды әзірлеу үшін өлшеу әдістерін және бастапқы деректерді қалайша пайдаланатындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*«Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» – 1 ХҚЕС-ке (IAS) және ХҚЕС бойынша № 2 Практикалық ұсынымдарға түзетулер*

*1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру»* ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі №2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету кезінде маңыздылық туралы пайымдауды қолдануға көмектесетін нұсқаулық пен мысалдарды қамтиды. Түзетулер ұйымдарға ұйымдардың есеп саясатының «елеулі ережелерін» ашып көрсетуі туралы талапты есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашып көрсету туралы талапқа ауыстыру есебінен, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсетуі туралы шешімдерді қабылдауы кезінде маңыздылық ұғымын қалайша қолдануы тиіс екендігіне қатысты нұсқаулықты қосу есебінен есеп саясаты туралы барынша пайдалы ақпаратты ашып көрсетуге көмектесуі тиіс.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*«Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» – 1 ХҚЕС-ке (IAS) және ХҚЕС бойынша № 2 Практикалық ұсынымдарға түзетулер (жалғасы)*

Бұл түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Алайда, олар Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінде есеп саясаты туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне әсер етеді деп күтілуде.

*«Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық» - 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

«Пайдаға салынатын салықтар» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бастапқы тануға қатысты алып тастауды қолдану аясын тарылтады, осылайша ол бұдан былай салық салынатын және шегерілетін уақыт айырмаларының тең болуына әкелетін операцияларға қолданылмайды, мысалы, объектілерді жалға алу немесе пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер жағдайында.

Бұл түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*Халықаралық салық реформасы - екінші компоненттің модельдік ережелері - «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

2023 жылғы мамырда ХҚЕС кеңесі «*Халықаралық салық реформасы - Екінші компоненттің модельдік ережелері* - *«Табыс салығы»*» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерін шығарды, бұл «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуын түсіндіреді. Түзетулер осындай салық заңнамасы бойынша кейінге қалдырылған салықты есепке алудан міндетті уақытша алып тастауды қамтиды. Топ 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсерді талдайды.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ қолданылатын есеп саясатына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалауды пайдаланып, жорамалдар жасайды. Іс жүзіндегі нәтижелер осы бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау процесінде Топтың есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде басшылық жасаған негізгі пікірлер мен бағалаудың шешуші көздері 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған пікірлер мен бағалауларға сәйкес келеді.

### Энергия өндіруші активтер

***Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау - көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату***

Топ басшылығы «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АлЭС»), «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС (бұдан әрі - «ЕМАЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі «АЖК») және «МАЭС-2 Екібастұз станциясы» АҚ (бұдан әрі «ЕМАЭС-2») еншілес компанияларының негізгі құралдарының құнсыздану белгілеріне талдау жүргізді, ол *«Активтердің құнсыздануы»* 36 ХҚЕС (IAS) сай жүргізілген.

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілеріне жасалған талдаудың нәтижесінде Топ басшылығы талдау жасау күніне құнсыздану белгілері жоқ деген тұжырымға келді. Тиісінше, Топ басшылығы 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бұл еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына тест өткізбеу шешімін қабылдады.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

**Энергия өндіруші активтер (жалғасы)**

***Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау - жасыл энергетиканы өндіру***

Жасыл энергетика активтері бойынша құнсыздану белгілерін талдау барысында Топ «Ereymentau Wind Power» ЖШС активтерінің жеке құнсыздану белгілерін қоспағанда, құнсыздану индикаторларын анықтаған жоқ.

*«Ereymentau Wind Power» ЖШС*

Топ Ерейментау қаласында 50 МВт ЖЭС салу жобасын іске асырудың кешігуіне және «Ereymentau Wind Power» ЖШС-нің «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен электр энергиясын сатуға арналған тарифті алуға арналған шартты ұзартуға қатысты сот процестеріне байланысты «Ereymentau Wind Power» ЖШС бойынша құнсызданудың жеке белгісін анықтады.

Топ аяқталмаған құрылыс объектілерінің 4.858 миллион теңге сомасына *(26-ескертпе)* толық құнсыздануын және ұзақ мерзімді активтер бойынша 9.156 миллион теңге сомасын алдын ала төлеуді *(13-ескертпе)* мойындады.

**Гудвилл**

***KMG International N.V. АҚГБ (бұдан әрі - КМГИ), гудвилді қоса***

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ КМГИ АҚГБ: «Переработка» АҚГБ, «Нефтехимия» АҚГБ және «Даунстрим» АҚГБ құнсыздану индикаторларының болуына байланысты гудвил мен өткізу, қайта өңдеу және басқа да активтердің құнсыздануына тест жүргізді. Құнсыздану тестінің нәтижесінде АҚГБ КМГИ өтелетін құны олардың баланстық құнынан аз болды. Талданатын КМГИ АҚГБ құнсыздануынан болған залал 94.962 миллион теңгені құрады, оның ішінде «Переработка» АҚГБ жалпы соманың 85%-ын құрайды. «Переработка» АҚГБ құнсыздануы 80.761 миллион теңгеге бағаланады, оның ішінде 8.794 миллион теңге мөлшеріндегі гудвилдің құнсыздануы, «Нефтехимия» АҚГБ — 340 миллион теңге және «Даунстрим» АҚГБ - 13.861 миллион теңге.

Құнсызданудың негізгі көрсеткіштері i) мұнай және газ нарығындағы мұнайды қайта өңдеу маржасының жоғары құбылмалылығы және қатаң көміртексіздендіру және геосаяси тұрақсыздық ережелері контекстінде нарықтық сұраныстың төмендеуі болды, ii) бірнеше жыл бойы бастапқы бағалау сатысында тұрған КМГИ көміртексіздендіру жоспары, когенерациялық электр станцияларына инвестициялар Румыниядағы болжанбайтын қаржылық ортаны ескере отырып, 5 жылдық бизнес-жоспарға енгізілген және көміртексіздендіруге әлеуетті инвестициялар үшін капиталдың қолжетімділігі шектеулі жалғыз ірі жоба болып табылады, мұнда 2022 жылдың аяғынан бастап күтпеген шығыстарға агрессивті салықтар қолданылады. Топ құнсыздану көрсеткіштерін талдау кезінде басқа факторлармен қатар қайта өңдеудің болжамды маржасы мен өндіріс көлемін ескерді. «Переработка» КМГИ АҚГБ өтелетін құны дисконтталған ақша ағындарының әдісін пайдалана отырып есептелген шығару шығындарын (FVLCD) шегере отырып әділ құнның негізінде айқындалды. АҚГБ үшін FVLCD-ны есептеу кезінде пайдаланылған негізгі жорамалдар операциялық пайда, дисконттау мөлшерлемесі және бюджеттік кезеңнен кейін ақша ағындарының экстраполяциясы үшін пайдаланылған өсу қарқындары болып табылады.

*«Переработка» АҚГБ және «Нефтехимия» КМГИ*

«Переработка» және «Нефтехимия» КМГИ үшін ақша қаражаты қозғалысының болжамдарына қолданылған дисконттау мөлшерлемесі 12,60%-ды құрады (2022 жыл: 12,10%), ал 5 жылдық кезеңдегі ақша ағындары теріс өсу қарқыны 3,0%-ды пайдалана отырып экстраполяцияланды (2022 жыл: оң 2,10%), ол 2023 жыл үшін бағалау күніне Platts-PIRA есептеген мұнай өңдеу зауыттарының нарықтық маржасы үшін 2028-2051 жылдар ішіндегі орташа жылдық өсу қарқыны болып табылады. Қалдық құны үшін пайдаланылатын капиталдану мөлшерлемесі 15,60% (2022 жылы: 10,00%) құрайды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

**Гудвил (жалғасы)**

***KMG International N.V. АҚГБ (бұдан әрі - КМГИ), гудвилді қоса (жалғасы)***

*«Даунстрим» АҚГБ КМГИ*

«Даунстрим» АҚГБ үшін ақша қаражаты қозғалысының болжамдарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 12,60% (2022 жыл: 12,10%) құрады, ал 5 жылдық кезеңнен тыс ақша ағындары бағалау күніне қол жетімді соңғы нарықтық зерттеулер (Wood Mackenzie) негізінде 2029-2051 жылдар ішіндегі нарықта күтілетін сұранысты ескере отырып, 0,30% (2022 жыл: оң 2,10%) теріс мерзімсіз өсу коэффициентін және 2023 жылғы шілдеде жарияланған PWC Global Economy Watch Projections есебіне сәйкес АҚШ долларындағы инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейін пайдалана отырып экстраполяцияланды. Қалдық құны үшін пайдаланылған капиталдану мөлшерлемесі 12,90% (2022 жылы: 10,00%) құрайды.

*«Переработка» АҚГБ үшін жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдылық*

20.249 миллион теңге мөлшеріндегі қосымша құнсыздану дисконттау мөлшерлемесінің 1%-дан 13,6%-ға дейін ұлғаюы кезінде есептелуі мүмкін, көлемі 2%-дан астам төмендеген кезде 35.050 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздану есептелуі мүмкін және маржалық пайда 2%-дан астам төмендеген кезде қосымша есептелген құнсыздану 24.280 миллион теңгені немесе мерзімсіз өсу қарқынының 1,5%-дан астамға төмендеуі 16.573 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздануды есептеуге әкеледі.

*«Downstreat» АҚГБ үшін жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдылық*

12.013 миллион теңге мөлшеріндегі қосымша құнсыздану, егер дисконттау мөлшерлемесі 1%-дан астам ұлғайса, егер көлемі 2%-дан астам төмендесе, 11.123 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздану есептелуі мүмкін және жалпы маржалық пайда 2%-дан астам төмендеген кезде қосымша есептелген құнсыздану 16.982 миллион теңгені немесе мерзімсіз өсу қарқынының 1,5%-дан астамға төмендеуі 11.285 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздануды есептеуге әкеледі.

*«Нефтехимия» CGU үшін жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдылық*

1.509 миллион теңге мөлшеріндегі қосымша құнсыздану, егер дисконттау мөлшерлемесі 1%-дан астам ұлғайса, егер көлемі 2%-дан астам төмендесе, 1.688 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздану есептелуі мүмкін және маржалық пайда 2%-дан астам төмендеген кезде қосымша есептелген құнсыздану 1.571 миллион теңгені немесе мерзімсіз өсу қарқынының 1,5%-дан астамға төмендеуі 901 миллион теңге мөлшерінде қосымша құнсыздануды есептеуге әкеледі.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға жүргізілген тесттің нәтижелері бойынша Топ 86.168 миллион теңге және тиісінше 8.794 миллион теңге мөлшерінде негізгі құралдар мен гудвилдің құнсыздануынан болған залалды мойындады (2022 жылғы 31 желтоқсан: құнсыздану залалы танылмады) *(26-ескертпе)*.

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізі басқарушы персоналына біршама қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

Келесі кестеде байланысты тараптармен 2023 және 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде жасалған операциялардың жалпы сомасы және 2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісті сальдо көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | | Қауымдасқан компаниялар | Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | Мемлекет бақылайтын өзге де кәсіпорындар |
|---|---|---|---|---|
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | **2023 жылғы 30 маусым** | **4.519** | **37.893** | **50.271** |
| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 6.546 | 63.217 | 48.761 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | **2023 жылғы 30 маусым** | **48.482** | **369.078** | **11.605** |
| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 60.274 | 213.335 | 10.152 |
| Тауарлар мен қызметтерді сату | **2023 жылғы 30 маусым** | **57.254** | **290.951** | **440.473** |
| | 2022 жылғы 30 маусым | 76.066 | 190.221 | 570.242 |
| Тауарлар мен қызметтерді сатып алу | **2023 жылғы 30 маусым** | **120.717** | **1.219.367** | **66.097** |
| | 2022 жылғы 30 маусым | 135.840 | 1.401.910 | 49.430 |
| Басқа да пайда/(зиян), нетто | **2023 жылғы 30 маусым** | **2.098** | **(257)** | **(6.597)** |
| | 2022 жылғы 30 маусым | 5.966 | 3.111 | 9.356 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат (активтер) | **2023 жылғы 30 маусым** | **–** | **119** | **48.977** |
| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 242 | 278.176 |
| Берілген қарыздар | **2023 жылғы 30 маусым** | **9.000** | **107.087** | **36.947** |
| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 10.947 | 117.605 | 7.952 |
| Алынған қарыздар | **2023 жылғы 30 маусым** | **3.504** | **14.307** | **1.091.243** |
| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 7.002 | 13.262 | 1.017.795 |
| Өзге де активтер | **2023 жылғы 30 маусым** | **31.672** | **25.566** | **754.591** |
| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 19.023 | 19.218 | 326.227 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер және басқа да міндеттемелер | **2023 жылғы 30 маусым** | **20.738** | **175.242** | **62.333** |
| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 26.483 | 189.399 | 59.078 |
| Байланысты тараптарға есептелген сыйақы | **2023 жылғы 30 маусым** | **711** | **7.791** | **17.318** |
| | 2022 жылғы 30 маусым | 598 | 12.059 | 6.134 |
| Байланысты тараптар есептеген сыйақы | **2023 жылғы 30 маусым** | **1.267** | **8.770** | **43.456** |
| | 2022 жылғы 30 маусым | 1.563 | 201 | 39.732 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 32. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 14.711 миллион теңге сомасында (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 16.026 миллион теңге) Топтың бірқатар қарыздарына Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берді.

Негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесінің және Қор Басқармасы мен оның еншілес ұйымдарының мүшелері) төленген, қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасын 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 3.185 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 2.605 миллион теңге) құрайды. Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы негізінен келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және операциялық нәтижелерге қол жеткізуге негізделген өзге де төлемдерден тұрады.

## 33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Топ бағалау әдістеріне байланысты қаржы құралдарының әділ құнын айқындау және ашу үшін мынадай иерархияны пайдаланады:

- 1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей: солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-ші деңгей мен 2-ші деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-3-ші деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құны келесі қаржы құралдары үшін олардың әділ құнының ақылға қонымды бағалауын білдіреді:

| *Миллион теңгемен* | **1-деңгей** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** |
|---|---|---|---|---|
| ***Қаржы құралдарының санаттары*** | | | | |
| **Активтер** | | | | |
| ПЗАӨҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар | **–** | **–** | **107.087** | **107.087** |
| БЖКӨҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері | **1.160** | **56.427** | **73** | **57.660** |
| ПЗАӨҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері | **51.380** | **53.811** | **26.844** | **132.035** |
| Туынды қаржы активтері | **–** | **258** | **1.262** | **1.520** |

| *Миллион теңгемен* | **1-деңгей** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)** |
|---|---|---|---|---|
| ***Қаржы құралдарының санаттары*** | | | | |
| **Активтер** | | | | |
| ПЗАӨҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар | – | – | 117.511 | 117.511 |
| БЖКӨҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері | 1.121 | 27.127 | 74 | 28.322 |
| ПЗАӨҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері | 81.709 | 32.342 | 27.279 | 141.330 |
| Туынды қаржы активтері | – | 1.477 | 1.099 | 2.576 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ (жалғасы)

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құны келесі қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнына тең болады:

| | **2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | | | | | 2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Пайдалана отырып әділ құнды бағалау** | | | | | Пайдалана отырып әділ құнды бағалау | | |
| *Миллион теңгемен* | **Баланстық (ағымдағы) құны** | **Әділ құны** | **Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)** | **Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)** | **Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)** | Баланстық (ағымдағы) құны | Әділ құны | Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей) | Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей) |
| **Қаржы активтері** | | | | | | | | | | |
| Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар | **131.060** | **128.896** | **–** | **9.361** | **119.535** | 101.104 | 83.451 | – | 10.392 | 73.059 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | **1.110.915** | **1.100.569** | **620.422** | **480.096** | **51** | 1.703.873 | 1.694.238 | 1.206.833 | 487.386 | 19 |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | | | | | |
| Қарыздар | **7.510.852** | **7.009.407** | **3.399.492** | **2.443.678** | **1.166.237** | 7.609.261 | 6.917.679 | 3.546.266 | 2.192.828 | 1.178.585 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары | **781.003** | **541.111** | **–** | **541.111** | **–** | 683.604 | 500.904 | – | 500.904 | – |
| Кепілдіктер бойынша міндеттемелер | **34.506** | **34.928** | **–** | **33.704** | **1.224** | 35.532 | 38.873 | – | 37.565 | 1.308 |

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарының әділ құны иеленетін пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 33. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ (жалғасы)

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

| | Үлестік бағалау әдісі | Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер | Диапазоны<br>**2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | Диапазоны<br>2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|---|
| Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар | Ақша ағындарын дисконттау әдісі | Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме | **8,5%-30%** | 8,05%-32% |
| ПЗАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері | WACC | Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме | **14,08%** | 16,21% |
| ПЗАӘҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар | Ақша ағындарын дисконттау әдісі | Дисконттау мөлшерлемесі және АҚШ доллары бағамының өзгеруіне индекстелген пайыздық мөлшерлеме | **3,5%+12M LIBOR+forex adjustment** | 3,5%+12M Libor+ forex adjustment |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | Ақша ағындарын дисконттау әдісі | Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме | **14,5%** | 14,1% |
| Қарыздар | Ақша ағындарын дисконттау әдісі | Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме | **5,8%-17%** | 5,7%-17% |
| Кепілдіктер бойынша міндеттемелер | Ақша ағындарын дисконттау әдісі | Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме | **15,39%-17,01%** | 12,31%-16,68% |

## 34. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілген шарттық және шартты міндеттемелерге қосымша 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде мынадай өзгерістер болды:

### Салық салу

*Самұрық-Энерго және оның ЭГРЭС-1 еншілес ұйымына салықтық тексеру*

2020 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – МКК) көлденең мониторингті ендіру бойынша пилотты жобаны іске асырды, ол 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылады. Мәселен, 2021-2022 жылдары МКК көлденең мониторинг бойынша пилоттық жоба шеңберінде ЭГРЭС-1 және Самұрық-Энерго (корпоративтік орталық) бойынша бес жылдық кезеңдегі тарихи деректерді зерделеу жұмыстарын жүргізді, оның қорытындысы бойынша салықтық тексерулер жүргізіліп, Салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламалар таратылды. Анықталған негізгі бұзушылықтар қарыздар бойынша сыйақылардың заңсыз шегерімдерді, сондай-ақ төлем көзінен КТС-ны төмендетуді қамтиды. Топ өздерінің келіспеушілігін білдіріп, соттарда дауласу жұмыстарын жалғастыруда.

Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы болып табылады және Топтың салық позициясы негіздемелі болып табылады деп санайды. Басшылықтың пікірінше, Топ бұрын танылған резервтерден асатын ағымдағы және әлеуетті салық тәуекелдері бойынша елеулі залалдарды көтермейді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 34. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Салық салу (жалғасы)

*«КАТКО» БК» ЖШС салықтық тексеру*

2021 жылы аяқталған 2014-2018 жылдардағы резидент еместердің кірісінен төлем көзінен ұсталатын табыс салығын тақырыптық тексеру, «КАТКО» БК» ЖШС үшін 10.482 миллион теңге сомасында дивидендтер мен роялтиді және 9.441 миллион теңге сомасында өсімпұлды төлеу бойынша КТС-ты қосымша есептеуге әкеп соқтырды. Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясының шешімімен өсімақы сомасы 5.358 миллион теңгеге дейін төмендетілді. 2022 жылы «КАТКО» БК» ЖШС сот органдарына шағымдануды жалғастырды және бірінші сатыдағы сот пен апелляциялық соттың шешімдерімен қосымша есептеу сомасы 15.761 миллион теңгеге төмендетілді. 2022 жылғы қарашада Мемлекеттік кірістер департаменті Апелляциялық сот шешімінің күшін жою үшін Жоғарғы сотқа шағым жіберді және 2023 жылғы сәуірде мәселе «КАТКО» БК» ЖШС-тің пайдасына қаралды.

### Соттың істі қарауы

*Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Қор шағымы бойынша Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі*

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам қ. соты шешімінің негізінде Қордың оған тиесілі құны 5,2 миллиард АҚШ доллары болатын КМГ Кашаган Б.В. акцияларының 50% қатысты құқықтарына бұл акцияларға билік ету бөлігінде шектеу (бұдан әрі – «шектеу») салынды.

Аталған шектеу Стокгольмның Сауда Палатасының Арбитраждық Институтының жанында Арбитраждық трибунал 2013 жылы шығарған Қазақстан Республикасына қарсы Анатолий Статидің, Габриэль Статидің, Ascom Group SA және Terra Raf Trans Trading Ltd. Ісі бойынша арбитраждық шешімнің Нидерландтарда танылуы және орындалуы бойынша шағымды қамтамасыз ету шеңберінде салынды.

2020 жылғы 14 шілдеде Амстердам қаласының Апелляциялық соты Нидерландтардың аумағында Қазақстан Республикасына қарсы 2013 жылы шыққан арбитраждық шешімді мойындау туралы шешімді қабылдады, сот Қорға қатысты арбитраждық шешімнің орындалуы туралы Баптың талабын қабылдамады.

2020 жылғы 18 желтоқсанда Жоғарғы сот Амстердам қ. Апелляциялық сотының 2019 жылғы 7 мамырдағы қамауда ұстау туралы шешімінің күшін жойды және істі Гаага қ. Апелляциялық сотының қарауына жолдады.

2022 жылғы 14 маусымда Гаага қаласының Апелляциялық соты 2017 жылдың қыркүйегінде салынған Қашағанның Қорға тиесілі акцияларына тыйымды алып тастау жөнінде шешім шығарды. 8 тамызда Стати Гаага Апелляциялық сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешіміне кассациялық шағым түсірді.

2023 жылғы 22 қыркүйекте Нидерланды Жоғарғы Соты Статидің Гаага апелляциялық сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешіміне шағымын қабылдамады. Жоғарғы соттың шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

*Статидің 2017 жылғы 7 желтоқсанда берген шағымының Негізгі процесі, онда Стати сотты Қорды Қазақстан Республикасының бір бөлігі деп тануды және Қорды Арбитраждық шешімді орындауын міндеттеуді сұрады.*

2021 жылғы 17 наурызда Негізгі процесс бойынша тыңдаулар өтті.

2021 жылғы 28 сәуірде Амстердамның Округтік соты Қордың Негізгі процесті КМГ Кашаган Б.В. акцияларын шектеуді шағымдану бойынша Гаагадағы Апелляциялық сотының шешіміне дейін кейінге қалдыра тұру өтінішін қанағаттандырды.

2022 жылғы 2 қарашада Қор Гаага қ. Апелляциялық сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешіміне байланысты сот талқылауын тоқтату туралы өтініш берді, оған сәйкес 2017 жылғы қыркүйекте салынған Қашағанның Қорға тиесілі акцияларына тыйым алынып тасталды.

2023 жылғы 8 ақпанда Амстердам Округтік соты Анатолий мен Габриэль Статидің және олардың компанияларының («Стати») Қорға қарсы талаптарына жол берілмейді және нәтижесінде сот ісі тоқтатылады деп ұйғарды. Бұл ретте, Статидің осы шешімге шағымдануға құқығы бар.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 34. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Сот істері (жалғасы)

*ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - «ҚРБҚДА») Павлодар облысы бойынша департаменті қозғаған «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (бұдан әрі - «ПМХЗ») әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс*

2022 жылы Павлодар облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-мен бірлесіп ПМХЗ қызметіне 2020-2021 жылдардағы мұнай және мұнай өнімдері айналымы, еңбек, салық және монополияға қарсы заңнама саласындағы ҚР заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді. 2022 жылғы 16 наурызда ҚРБҚДА ПМХЗ мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тариф белгілеу туралы қорытынды ұсынды.

2022 жылғы 25 шілдеде Павлодар облысы бойынша ҚРБҚДА ПМХЗ-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады және Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 2021 жылы мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге ПМХЗ монополиялық жоғары тариф белгілеу, 21.961 миллион теңге мөлшерінде кірісті тәркілеу және 6.226 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу туралы хаттама жолдады теңге.

2023 жылғы 9 маусымда Павлодар қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты ПМХЗ қатысты әкімшілік іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарды. 2023 жылғы 30 маусымда Әкімшілік іс жүргізуді тоқтату және хаттаманың күшін жою туралы қаулы заңды күшіне енді. Тиісінше, 2023 жылғы маусымда ПМХЗ 28.187 миллион теңге мөлшерінде резервті қалпына келтірді және басқа операциялық кірістер құрамында таныды *(20-ескертпе)*.

*АМӨЗ-дің «Сұйытылған мұнай газын сақтау паркі» ЖШС-тегі (бұдан әрі - СМГСП) қатысу үлесі*

2020 жылы АМӨЗ үшінші тарап «Joint Technologies» ЖШС-не (бұдан әрі - JT), ПХСНГ, бірлескен кәсіпорнының жарғылық капиталындағы үлесінің 50%-ын сатты. Осы мәміле нәтижесінде Топ ПХСНГ-ны бірлескен бақылаудан айырылды. Алайда, 2023 жылғы 3 мамырда Атырау облысының Әкімшілік істер жөніндегі мамандандырылған соты ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің талап арызын қанағаттандыра отырып, JT-дегі ПХСНГ үлесінің 50%-ын мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрықтың күшін жойды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде Топ 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша *«Қауымдасқан кәсіпорындар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар»* 28 ХҚЕС-ке сәйкес ПХСНГ-ге бірлескен бақылауға алмағанын анықтады, өйткені JT апелляциялық процесте болып отыр және сот шешімі түпкілікті емес. Тиісінше, осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте Топ *«Қауымдасқан кәсіпорындар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар»* 28 ХҚЕС-ке немесе *«Шоғырландырылған қаржылық есептілік»* 10 ХҚЕС-ке сәйкес ПХСНГ-дағы инвестицияларды мойындамады.

*Qazaq Gas-дың сот істері*

2019 жылы Топ «Азиягаз Чунджа» ЖШС-нен 2.026.419 мың текше метр газ сатып алды. 2022 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігі («Агенттік») «Азиягаз Чунджа» ЖШС иелеріне, сондай-ақ осы мәмілеге қатысты Топ басшылығының бұрынғы мүшелерінің біріне қатысты тергеу жүргізіп, қылмыстық істер қозғады. 2022 жыл ішінде «Азиягаз Чунджа» ЖШС Топтың шоттарына 14.565 миллион теңгені қайтарды. Топ «Азиягаз Чунджа» ЖШС-тің сот шешіміне дейін басқа қаржылық міндеттемелер құрамында қайтарған сомасын мойындады.

2023 жылғы 31 наурызда Астана аудандық сотында «Азиягаз Чунджа» ЖШС иелеріне, сондай-ақ Топ басшылығының бұрынғы мүшелерінің біріне газды сатып алу-сату жөніндегі осы мәмілеге қатысты айыптау үкімі жарияланды. 2023 жылғы 29 маусымда үкімнің күші жойылды. Істі бірінші сатыдағы соттың алқалы құрамдағы қағидалары бойынша апелляциялық сатыдағы сот қарауға тиіс.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 34. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Сот істері (жалғасы)

*ҚАӨ ҰАК-тың сот істері*

2021 жылғы 23 шілдеде «Кворум Дебт Менеджмент Груп» ЖШҚ талап ету құқығын берген «Шет мемлекеттердегі инвесторлардың құқықтарын қорғау қоры» қоры Иркутск облысының (Ресей) Төрелік сотына 2013 жылғы 26 желтоқсандағы Негіздемелік шарт бойынша (активтерді қайтару жөніндегі іс-шараларды сүйемелдеу), оның қолданылу мерзімі 2016 жылғы 25 желтоқсанда аяқталған, 50.000.000 АҚШ доллары мөлшерінде ақша қаражатын ҚАӨ ҰАК-тан өндіріп алу туралы талаптармен талап арыз берді. Иркутск облысы Төрелік Сотының 2021 жылғы 31 тамыздағы ұйғарымымен жоғарыда аталған талап бойынша азаматтық іс ҚАӨ ҰАК толық келіскен соттталмайтындығына байланысты тоқтатылды, өйткені шартта қазақстандық іс жүргізу заңнамасы бойынша соттылық белгіленген.  Төртінші төрелік апелляциялық соттың 2022 жылғы 24 қаңтардағы қаулысымен және Шығыс Сібір округінің Төрелік сотының 2022 жылғы 24 мамырдағы қаулысымен Иркутск облысы Төрелік сотының 2021 жылғы 31 тамыздағы жоғарыда аталған іс бойынша ұйғарымы өзгеріссіз қалды.

Алайда, 2022 жылғы 7 желтоқсанда Ресей Федерациясы Жоғарғы Сотының экономикалық даулар жөніндегі сот алқасы Иркутск облысы Төрелік сотының 2021 жылғы 31 тамыздағы ұйғарымдарының, Төртінші төрелік апелляциялық соттың 2022 жылғы 24 қаңтардағы қаулыларының және Шығыс Сібір округі Төрелік сотының 2022 жылғы 24 мамырдағы қаулыларының күшін жойып, бұл істің Ресей Федерациясы соттарының сотталуына байланысты істі Иркутск облысы Төрелік сотының жаңа қарауына жолдады.

Иркутск облысының Төрелік соты 2023 жылғы 3 мамырда «Кворум Дебт Менеджмент Груп» ЖШҚ пайдасына талап-арыздарды қанағаттандыру және ҚАӨ ҰАК-дан (бұған дейін «Шет мемлекеттердегі инвесторлардың құқықтарын қорғау қоры» іс бойынша талапкер болған) 50.000.000 АҚШ долларын, сондай-ақ мемлекеттік бажды төлеу бойынша 200.000 рубльді өндіріп алу туралы шешім шығарды.

ҚАӨ ҰАК Ресей Федерациясы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 7 желтоқсандағы Экономикалық даулар жөніндегі сот алқасының ұйғарымы және Иркутск облысы Төрелік сотының 2023 жылғы 3 мамырдағы шешімі құқық бұзушылықтармен шығарылды деп санайды.

Компания РФ Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 07 желтоқсандағы ұйғарымына қадағалау шағымын берді. Алайда, РФ Жоғарғы Сотының 2023 жылғы 18 сәуірдегі ұйғарымымен РФ Жоғарғы Соты Төралқасының қарауы үшін қадағалау шағымын беруден бас тартылды. Сондай-ақ, 2023 жылғы 11 мамырда ҚАӨ ҰАК Ресей Федерациясы Жоғарғы соты Төрағасының атына РФ Жоғарғы Сотының ұйғарымдарына шағым түсірді және РФ Жоғарғы Сотының Төралқасының қарауына шағым беруден бас тартты. 2023 жылғы 7 шілдеде РФ Жоғарғы Соты Төрағасының хатымен ҚАӨ ҰАК шағымын қанағаттандырудан бас тартылды.

Сондай-ақ, ҚАӨ ҰАК Иркутск облысы Төрелік сотының 2023 жылғы 3 мамырдағы шешіміне апелляциялық шағым түсірді, оның қаралуы 2023 жылғы 19 қазанға белгіленген. 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҚАӨ ҰАК осы сот ісі бойынша міндеттемені мойындамады.

### Экология, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) мәселелерінің әсері - климаттың өзгеруін және онымен байланысты тәуекелдерді есепке алу

Топ климаттың өзгеруі бойынша әлемдік қауымдастықтың алаңдаушылығымен ортақ және парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздеріне көшу және көміртегі отынынан бас тарту бойынша жаһандық күш-жігерді қолдайды. Топтың бас компаниясы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның стратегиялық мақсаты 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай көміртегі ізін 10%-ға қысқарту болып табылады және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ұмтылады. Жалпы, көміртегі бейтараптығы парниктік газдар шығарындыларын жоққа шығармайды - азайту мүмкін емес шығарындылар көлемін өтеу қажет.

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға, сондай-ақ аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 34. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Экология, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) мәселелерінің әсері - климаттың өзгеруін және онымен байланысты тәуекелдерді есепке алу (жалғасы)

*Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы ЖЭО-2 жаңғырту*

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында жобаны іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- 2023 жылғы 6 маусымда АлЭС пен Қазақстанның Даму Банкі арасында несиелік келісім жасалды. 2023 жылғы 9 маусымда АлЭС пен Азия Даму Банкі арасында Несиелік келісім жасалды. Келісімдер Қордың кепілдігімен жасалды;
- 2023 жылғы 31 мамырда АлЭС пен ҚХР-дың үш компаниясынан тұратын консорциум арасында EPC-келісімшарт жасалды: Dongfang Electric International Corporation&Powerchina Sepco1 Electric Power Construction Co., ltd & Powerchina Hebei Electric Power Engineering Co., ltd.;
- ЖЭО-2-ні газға ауыстыру жобасын қаржыландыру үшін инвестициялық келісім жасасу және қуаттылыққа жеке тариф алу 2023 жылдың соңына дейін күтіледі.

*Алматы ЖЭО-3 жаңғырту*

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында жобаны іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Жобаны іске асыру мерзімі 2023-2027 жылдарға өзгертілді (2022 жылғы 31 желтоқсан: 2023-2025 жылдар);
- 2023 жылғы 17 наурызда «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен маневрлік генерациялау режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғыларды салу кезінде электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шартқа қол қойылды.

### Экологиялық тексерулер

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша Экология департаменті (бұдан әрі – Экология департаменті) Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. жер үсті объектілеріне (бұдан әрі - Оператор) тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша Операторға құқық бұзушылықтарды, оның ішінде күкіртті орналастыруға қатысты бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

Оператор тексеру нәтижелерімен келіспеді және аталған ұйғарымға дау айту туралы әкімшілік талап арыз берді. 2023 жылғы 14 маусымда Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты күкіртті орналастыруға қатысты Оператордың пайдасына шешім шығарды.

### Өтелетін шығындарды тексеру

КМГ Кашаган Б.В. (бұдан әрі - «Қашаған») 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісімге (бұдан әрі − ӨБК) 16,88% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-тің өзгерістермен және толықтырулармен бірге 1997 жылғы 27 қаңтардағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы соңғы келісімде (бұдан әрі - «ӨБСК») 10% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

ӨБК және ӨБСК негізгі қағидаттарына сәйкес ҚР аталған келісімдерге қатысушыларға (бұдан әрі – Мердігерлер) жер қойнауын пайдалану аумағында қызметті жүргізуге айрықша құқық берді, бірақ бұл аумаққа құқықты меншікке де, жалға да бермеді. Осының салдарынан, шығарылған және қайта өңделген өнімнің (яғни дайын өнімнің) барлық көлемдері ҚР-дың меншігі болып табылады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 34. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Өтелетін шығындарды тексеру (жалғасы)**

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі жұмыстар белгілі бір шығыстарды өтеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, ҚР Мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша Мердігерлерге өз шығындарын өтеуге (бұдан әрі - «Өтелетін шығындар») және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК және ӨБСК шығыстарды өтеу тәртібін көздейді және Өтелетін шығындар болып табылмайтын шығыстардың тізбесін айқындайды.

«PSA» ЖШС ӨБК және ӨБСК шеңберінде ҚР атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етуге уәкілетті ұйым бола отырып (бұдан әрі – «Өкілетті орган») Өтелетін шығындарға ревизия жүргізеді.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың ӨБК мен ӨБСК Өтелетін шығындарға ревизияларды жүргізу нәтижелері бойынша шағымдардың жалпы сомасындағы үлесі  2.595 миллион АҚШ доллары болды (есепті күнге баламасы 1.174.053 миллион теңге) (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 2.595 миллион АҚШ доллары, баламасы 1.200.386 миллион теңге).

ҚР мен Мердігерлердің ӨБК және ӨБСК сәйкес (Қашаған мен «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-нен басқа) ӨБК және ӨБСК-нің белгілі бір ережелерін қолдануға қатысты бірқатар даулар бар, олар ӨБК және ӨБСК сәйкес сарапшының төрелік реттеуіне және реттеуіне жатады. Мердігерлер олар ӨБК және ӨБСК, ҚР заңнамасына және қолданылатын стандарттар мен алдыңғы қатарлы практикаға сәйкес әрекет етеді деп санайды. 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҚР мен Мердігерлер өз төрешілерін тағайындады.

**Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері**

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ  қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда өз міндеттемелеріне сәйкес Топ, оның бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жеткізуіндегі үлесін қоса алғанда, ішкі нарыққа 3.844 мың тонна шикі мұнайды (2022 жыл: 7.951 мың тонна) жеткізді.

**Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері**

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың мұнайды жеткізу шарты бойынша міндеттемелері 5,0 миллион тонна болды (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 6,6 миллион тонна).

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 34. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер**

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың Үкіметпен жасалған өнімді бөлу туралы лицензиялары, келісімдерінің және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарының талаптарына сәйкес ең аз жұмыстар бағдарламасын орындауға қатысты мынадай міндеттемелері (миллион теңгемен) бар:

| *Миллион теңгемен* | Күрделі шығындар | Операциялық шығыстар |
|---|---|---|
| **Жыл** | | |
| 2023 жыл | 390.629 | 133.303 |
| 2024 жыл | 449.307 | 109.981 |
| 2025 жыл | 553.040 | 114.782 |
| 2026 жыл | 508.778 | 113.483 |
| 2027-2059 жылдар | 3.156.221 | 1.625.209 |
| **Жиыны** | **5.057.975** | **2.096.758** |

**Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер**

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың, бірлескен кәсіпорындарын қоса алғанда, жалпы сомасы 1.662.267 миллион теңге, ҚҚС-ты ескерместен, (2022 жылғы 31 желтоқсан: 1.418.761 миллион теңге, ҚҚС-ты ескерместен) болатын негізгі құралдарды сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелері болды.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ТМРК бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 1.562.840 миллион теңге (2022 жылғы 31 желтоқсан: 1.387.680 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

**Бірлескен кәсіпорын алдында газды тасымалдау қызметтерін шартсыз сатып алу міндеттемелері**

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың «Азиялық газ құбыры» ЖШС және «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС алдында газ тасымалдау қызметтерін сатып алу бойынша тиісінше ҚҚС-сыз 41.264 миллион теңге және 107.548 миллион теңге мөлшерінде шартсыз міндеттемесі бар (2022 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше ҚҚС-сыз 95.558 миллион теңге және 216.131 миллион теңге).

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бөлу**

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңының 20-бабына сәйкес, Қор жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры арқылы коммерциялық емес ұйымға жеке қаржылық есептілікке сай Қордың таза кірісінің кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөліп отырады. Қаражат бөлу жөніндегі міндеттеме Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес танылады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 35. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Төменде 2023 жылғы 30 маусымға және осы күнге аяқталған алты ай үшін Топтың операциялық сегменттерінің пайдалары мен шығындары, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

| *Миллион теңгемен* | **Мұнай-газ химия** | **Тау-кен өндіруші** | **Тасымал-дау** | **Коммуни-кациялар** | **Энергетика** | **Өнеркәсіп-тік** | **Корпора-тивтік орталық** | **Басқалары** | **Элими-нациялау** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім | **4.314.730** | **974.239** | **1.148.996** | **345.805** | **320.400** | **9.736** | **24.490** | **7.868** | **–** | **7.146.264** |
| *Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім* | ***4.308.053*** | ***974.014*** | ***1.125.696*** | ***345.805*** | ***320.396*** | ***9.736*** | ***–*** | ***1.043*** | ***–*** | ***7.084.743*** |
| *Пайыздық кіріс* | ***–*** | ***–*** | ***–*** | ***–*** | ***–*** | ***–*** | ***24.490*** | ***4.046*** | ***–*** | ***28.536*** |
| *Жалға беруден түскен кіріс* | ***6.677*** | ***225*** | ***23.300*** | ***–*** | ***4*** | ***–*** | ***–*** | ***2.779*** | ***–*** | ***32.985*** |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | **103.525** | **21** | **10.736** | **2.642** | **55.263** | **8.837** | **523.546** | **8.412** | **(712.982)** | **–** |
| **Түсім жиыны** | **4.418.255** | **974.260** | **1.159.732** | **348.447** | **375.663** | **18.573** | **548.036** | **16.280** | **(712.982)** | **7.146.264** |
| | | | | | | | | | | |
| **Географиялық нарық** | | | | | | | | | | |
| Қазақстан | **930.178** | **411.040** | **983.272** | **338.111** | **361.020** | **18.401** | **548.036** | **16.280** | **(712.982)** | **2.893.356** |
| Басқа да елдер | **3.488.077** | **563.220** | **176.460** | **10.336** | **14.643** | **172** | **–** | **–** | **–** | **4.252.908** |
| | | | | | | | | | | |
| **Жалпы пайда** | **928.584** | **298.538** | **274.579** | **119.114** | **119.062** | **5.859** | **510.546** | **8.243** | **(527.337)** | **1.737.188** |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | **(96.688)** | **(34.107)** | **(60.894)** | **(24.228)** | **(13.539)** | **(1.515)** | **(5.495)** | **(2.381)** | **3.772** | **(235.075)** |
| Тасымалдау және өткізу шығыстары | **(395.527)** | **(13.562)** | **(6.488)** | **(9.357)** | **(7.642)** | **(533)** | **–** | **(14)** | **7.883** | **(425.240)** |
| Қаржылық кіріс | **91.422** | **18.377** | **17.189** | **18.193** | **10.084** | **1.518** | **47.821** | **19.297** | **(15.672)** | **208.229** |
| Қаржылық шығындар | **(214.889)** | **(4.612)** | **(99.869)** | **(21.380)** | **(25.809)** | **(2.929)** | **(5.822)** | **(18.989)** | **61.652** | **(332.647)** |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(зиянындағы) үлес | **555.970** | **37.462** | **4.886** | **–** | **8.840** | **(51)** | **4.516** | **(12)** | **–** | **611.611** |
| Бағамдық айырмадан болған кіріс/(залал), нетто | **58.879** | **(9.616)** | **3.720** | **(3.886)** | **(45)** | **(44)** | **(10.266)** | **3.478** | **4.412** | **46.632** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | **(165.525)** | **(61.389)** | **(25.161)** | **(17.439)** | **(20.147)** | **(284)** | **(3.967)** | **(1.819)** | **696** | **(295.035)** |
| **Кезеңдегі таза пайда жиыны** | **658.915** | **226.079** | **116.133** | **57.342** | **57.260** | **1.326** | **531.090** | **5.699** | **(463.379)** | **1.190.465** |
| | | | | | | | | | | |
| **Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат** | | | | | | | | | | |
| Сегмент активтерінің жиыны | **19.896.963** | **3.172.706** | **5.090.515** | **1.608.310** | **1.968.741** | **161.517** | **12.235.561** | **611.557** | **(9.523.470)** | **35.222.400** |
| Сегмент міндеттемелерінің жиыны | **(7.625.785)** | **(866.508)** | **(3.308.892)** | **(779.863)** | **(905.083)** | **(73.332)** | **(2.740.459)** | **(457.333)** | **2.237.332** | **(14.519.923)** |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | **6.143.050** | **648.538** | **27.365** | **–** | **112.087** | **3.888** | **38.851** | **–** | **(32.341)** | **6.941.438** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 35. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төменде Топтың 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы операциялық сегменттерінің пайдасы мен зияны және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | **Мұнай-газ химия** | **Тау-кен өндіруші** | **Тасымалдау** | **Коммуникациялар** | **Энергетика** | **Өнеркәсіптік** | **Корпоративтік орталық** | **Басқалары** | **Элиминациялау** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім | 5.151.096 | 979.006 | 834.242 | 319.678 | 291.584 | 13.152 | 24.597 | 6.352 | – | 7.619.707 |
| *Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім* | *5.144.926* | *978.862* | *827.793* | *319.678* | *291.580* | *13.152* | *–* | *312* | *–* | *7.576.303* |
| *Пайыздық кіріс* | *–* | *–* | *–* | *–* | *–* | *–* | *24.597* | *2.665* | *–* | *27.262* |
| *Жалға беруден түскен кіріс* | *6.170* | *144* | *6.449* | *–* | *4* | *–* | *–* | *3.375* | *–* | *16.142* |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | 16.048 | 12 | 4.243 | 2.241 | 34.871 | 4.145 | 480.434 | 5.572 | (547.566) | – |
| **Түсім жиыны** | 5.167.144 | 979.018 | 838.485 | 321.919 | 326.455 | 17.297 | 505.031 | 11.924 | (547.566) | 7.619.707 |
| **Географиялық нарық** | | | | | | | | | | |
| Қазақстан | 734.363 | 545.966 | 684.443 | 312.459 | 314.120 | 14.693 | 505.031 | 11.924 | (547.566) | 2.575.433 |
| Басқа да елдер | 4.432.781 | 433.052 | 154.042 | 9.460 | 12.335 | 2.604 | – | – | – | 5.044.274 |
| **Жалпы пайда** | 1.192.567 | 206.306 | 126.512 | 105.810 | 116.379 | 5.078 | 472.957 | 6.857 | (487.528) | 1.744.938 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (93.625) | (20.507) | (52.941) | (26.888) | (14.426) | (1.971) | (8.924) | (1.842) | 5.198 | (215.926) |
| Тасымалдау және өткізу шығыстары | (428.629) | (10.633) | (4.327) | (4.113) | (6.142) | (402) | – | (6) | 6.940 | (447.312) |
| Қаржылық кіріс | 68.175 | 13.362 | 31.304 | 9.305 | 5.058 | 1.082 | 13.879 | 19.385 | (32.172) | 129.378 |
| Қаржылық шығындар | (179.383) | (5.162) | (78.715) | (22.756) | (27.996) | (3.041) | (32.970) | (31.415) | 50.733 | (330.705) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(зиянындағы) үлес | 716.483 | 47.330 | 279 | – | 8.102 | (104) | 2.840 | 55 | – | 774.985 |
| Бағамдық айырмадан болған (залал) / кіріс, нетто | (130.826) | 17.221 | 34.748 | 8.933 | 6.429 | (827) | (58.015) | (18.678) | (1.906) | (142.921) |
| Табыс салығы бойынша (шығыстар)/кіріс | (234.758) | (46.754) | (10.789) | (21.809) | (19.586) | (93) | (1.112) | 4.766 | (2.405) | (332.540) |
| **Кезеңдегі таза пайда / (залал) жиыны** | 903.043 | 191.922 | 44.598 | 45.853 | 67.281 | (2.719) | 384.280 | (20.667) | (459.684) | 1.153.907 |
| **Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат** | | | | | | | | | | |
| Сегмент активтерінің жиыны | 19.835.479 | 2.969.563 | 4.632.180 | 1.593.990 | 1.750.872 | 179.461 | 9.603.793 | 337.055 | (7.278.961) | 33.623.432 |
| Сегмент міндеттемелерінің жиыны | (7.774.919) | (610.219) | (3.077.764) | (835.531) | (801.496) | (73.385) | (2.527.357) | (201.901) | 2.065.187 | (13.837.385) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 5.896.273 | 689.774 | 28.799 | – | 103.247 | 3.788 | 45.006 | 35 | (32.341) | 6.734.581 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 35. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төменде пайда мен зиян туралы ақпарат, 2023 жылғы 30 маусымда және 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш айдағы топтың операциялық сегменттері туралы ақпарат көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ химия | Тау-кен өндіруші | Тасымалдау | Коммуникациялар | Энергетика | Өнеркәсіптік | Корпоративтік орталық | Басқалары | Элиминациялау | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім | **2.266.002** | **408.322** | **603.431** | **171.376** | **147.077** | **4.125** | **12.310** | **4.395** | **–** | **3.617.038** |
| *Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім* | **2.263.557** | **408.131** | **590.657** | **171.376** | **147.075** | **4.125** | **–** | **690** | **–** | **3.585.611** |
| *Пайыздық кіріс* | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **12.310** | **2.262** | **–** | **14.572** |
| *Жалға беруден түскен кіріс* | **2.445** | **191** | **12.774** | **–** | **2** | **–** | **–** | **1.443** | **–** | **16.855** |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | **55.794** | **11** | **4.682** | **1.239** | **25.325** | **4.742** | **492.052** | **4.175** | **(588.020)** | **–** |
| **Түсім жиыны** | **2.321.796** | **408.333** | **608.113** | **172.615** | **172.402** | **8.867** | **504.362** | **8.570** | **(588.020)** | **3.617.038** |
| **Географиялық нарық** | | | | | | | | | | |
| Қазақстан | **441.318** | **195.592** | **516.673** | **167.274** | **166.286** | **8.760** | **504.362** | **8.570** | **(588.020)** | **1.420.815** |
| Басқа да елдер | **1.880.478** | **212.741** | **91.440** | **5.341** | **6.116** | **107** | **–** | **–** | **–** | **2.196.223** |
| **Жалпы пайда** | **501.879** | **146.873** | **149.257** | **56.429** | **52.912** | **2.433** | **490.532** | **4.406** | **(491.098)** | **913.623** |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | **(51.685)** | **(15.159)** | **(29.732)** | **(12.050)** | **(7.012)** | **(745)** | **(2.881)** | **(1.323)** | **872** | **(119.715)** |
| Тасымалдау және өткізу шығыстары | **(199.101)** | **(6.565)** | **(3.173)** | **(5.595)** | **(2.918)** | **(307)** | **–** | **(2)** | **2.991** | **(214.670)** |
| Қаржылық кіріс | **45.473** | **11.311** | **3.861** | **7.813** | **5.710** | **812** | **26.915** | **9.915** | **(10.438)** | **101.372** |
| Қаржылық шығындар | **(109.174)** | **(2.260)** | **(50.481)** | **(10.557)** | **(13.122)** | **(1.448)** | **(2.810)** | **(9.389)** | **31.575** | **(167.666)** |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(зиянындағы) үлес | **293.408** | **8.150** | **1.635** | **–** | **2.115** | **(24)** | **3.077** | **(20)** | **–** | **308.341** |
| Бағамдық айырмадан болған кіріс/(залал), нетто | **41.183** | **(172)** | **(5.159)** | **(116)** | **251** | **(17)** | **6.202** | **924** | **1.150** | **44.246** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | **(90.844)** | **(33.155)** | **(10.761)** | **(7.240)** | **(9.121)** | **(172)** | **(1.832)** | **(696)** | **1.819** | **(152.002)** |
| **Кезеңдегі таза пайда / (залал) жиыны** | **317.630** | **109.773** | **57.350** | **25.803** | **13.288** | **(520)** | **517.557** | **1.074** | **(461.502)** | **581.453** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 35. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | **Мұнай-газ химия** | **Тау-кен өндіруші** | **Тасымал-дау** | **Коммуни-кациялар** | **Энергетика** | **Өнеркәсіп-тік** | **Корпора-тивтік орталық** | **Басқалары** | **Элими-нациялау** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім | 2.705.150 | 621.101 | 457.867 | 168.306 | 130.337 | 5.936 | 12.351 | 3.431 | – | 4.104.479 |
| *Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім* | 2.701.896 | 621.027 | 453.488 | 168.306 | 130.335 | 5.936 | – | 172 | – | 4.081.160 |
| *Пайыздық кіріс* | – | – | – | – | – | – | 12.351 | 1.655 | – | 14.006 |
| *Жалға беруден түскен кіріс* | 3.254 | 74 | 4.379 | – | 2 | – | – | 1.604 | – | 9.313 |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | 5.518 | 11 | 3.201 | 1.054 | 20.118 | 2.699 | 470.022 | 2.943 | (505.566) | – |
| **Түсім жиыны** | 2.710.668 | 621.112 | 461.068 | 169.360 | 150.455 | 8.635 | 482.373 | 6.374 | (505.566) | 4.104.479 |
| | | | | | | | | | | |
| **Географиялық нарық** | | | | | | | | | | |
| Қазақстан | 366.136 | 322.508 | 365.371 | 163.253 | 144.182 | 7.463 | 482.373 | 6.374 | (505.566) | 1.352.094 |
| Басқа да елдер | 2.344.532 | 298.604 | 95.697 | 6.107 | 6.273 | 1.172 | – | – | – | 2.752.385 |
| | | | | | | | | | | |
| **Жалпы пайда** | 737.797 | 130.322 | 102.735 | 56.699 | 53.106 | 2.795 | 470.605 | 3.762 | (473.705) | 1.084.116 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (47.212) | (12.477) | (27.969) | (15.710) | (7.913) | (1.006) | (6.134) | (987) | 2.840 | (116.568) |
| Тасымалдау және өткізу шығыстары | (235.920) | (7.146) | (2.524) | (1.813) | (2.512) | (183) | – | (2) | 2.966 | (247.134) |
| Қаржылық кіріс | 38.967 | 10.789 | 19.877 | 5.070 | 2.857 | 560 | 9.642 | 17.457 | (20.479) | 84.740 |
| Қаржылық шығындар | (83.525) | (2.707) | (38.262) | (11.077) | (13.295) | (1.440) | (19.461) | (20.051) | 27.875 | (161.943) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(зиянындағы) үлес | 366.194 | 19.963 | (2.208) | – | 5.843 | (56) | 1.274 | 19 | – | 391.029 |
| Бағамдық айырмадан болған (залал)/кіріс, нетто | (154.044) | (4.840) | 4.487 | 727 | 502 | 211 | (18.634) | (16.122) | (264) | (187.977) |
| Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу | (94.388) | (24.574) | (1.625) | (13.305) | (10.733) | (57) | (318) | 3.506 | (998) | (142.492) |
| **Кезеңдегі таза пайда/(залал) жиыны** | 520.896 | 108.175 | 49.990 | 19.123 | 27.021 | (607) | 433.184 | (12.132) | (464.632) | 681.018 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 36. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

**Алынған дивидендтер**

2023 жылғы шілдеден бастап қыркүйекке дейін Топ «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «Petrosun» ЖШС, «KMG Automation» ЖШС, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС және «Қазгермұнай» ЖШС бірлескен кәсіпорындарынан жалпы сомасы 29.961 миллион теңгеге және Каспий Құбыр Консорциумы және «Біріккен көлік-логистикалық компания – Еуразиялық теміржол альянсы» қауымдасқан компанияларынан тиісінше 14.780 миллион теңге және 1.376 миллион теңге (278 миллион Ресей рублі) сомасына дивидендтер алды.

**Бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға төленген дивидендтер**

2023 жылғы шілдеде Топ ҚАӨ ҰАК-қа бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға 50.242 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер төледі.

**АМӨЗ-де электр энергиясын өшіру**

2023 жылғы 3 шілдеде АМӨЗ аумағында сыртқы желілер тарапынан электр энергиясының терең қонуы орын алды. Нәтижесінде, ЭЛОУ-АТ-2 қондырғысын қоспағанда, зауыттың технологиялық қондырғылары апатты түрде тоқтатылды, зауытты электрмен жабдықтау толығымен тоқтатылды. Салдарды болдырмау үшін технологиялық регламентке және аварияны жою жоспарына сәйкес қондырғылардағы артық қысым алау қондырғыларына жіберілді. Құрбандар мен зардап шеккендер жоқ.

2023 жылғы 6 шілдеде зауыттың барлық технологиялық қондырғылары штаттық жұмыс режиміне шығарылды, электр энергиясын отырғызудың салдарынан жабдықты тазарту бойынша іс-шаралар өткізілгеннен кейін баяу кокстеу қондырғысы 2023 жылғы 11 шілдеде пайдалануға берілді.

Топ басшылығы электр қуатын өшірудің АМӨЗ-ге, Топ қызметіне әсерін бағалады және оның әсері маңызды емес екенін анықтады.

**Акцияларды шығару**

2023 жылғы 9 тамызда Қор номиналды құны 114.504.250 теңге болатын 20 акция шығарды, оны Акционер әділ құны 2.290 миллион теңге болатын жылжымайтын мүлікпен төледі.

2023 жылғы 12 қыркүйекте Қор 95.653 миллион теңге жалпы сомаға номиналды құны 64.469.200 теңге болатын 100 акцияны және номиналды құны 89.206.406.162 теңге болатын 1 акцияны шығарды, оларды Акционер «Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ-ғы қатысу үлесінің 100%-ын және ҚҚК-ға қатысу үлесінің 28,8%-ын беру жолымен төледі.

**Еншілес ұйымның шығуы**

2023 жылғы 11 қыркүйекте Топ «Лукойл» ЖАҚ пайдасына «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС қатысу үлесінің 50%-ын сатты. Сату құны 200 миллион АҚШ долларын құрады (баламасы 94.644 миллион теңге). Сату нәтижесінде Топ пен «Лукойл» ЖАҚ Топтың бірлескен кәсіпорны ретінде танылған «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС-не бірлескен бақылауды жүзеге асырады.

**Заңнамадағы өзгерістер**

2023 жылғы 19 сәуірде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, оның ішінде 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы институтын енгізу және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының имитациялық нарықтан нақты уақыт режиміне ауысуы арқылы электр энергиясының көтерме сауда нарығының нысаналы моделін өзгерту бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» Заңға түзетулер енгізуді көздейді. Топ өзгерістердің өз қаржылық есептілікке ықтимал әсерің талдауда.